

## **№2-дәріс. Ақпаратты талдауда қолданылатын әдістер. Академиялық материалдар түрлері мен талдау әдістері**

### **Сыни ойлау мен сыни жазылым**

Жоғары оқу орнында оқитындар ескеретін маңызды жайттың бірі - сыни тұрғыда ойлана білу. Сыни тұрғыда ойлану кез келген тақырып жөніндегі тұжырымдарды, пікірлерді, ұстанымдарды талдау арқылы түсінуге бағытталған сұрақтардан тұрады. Нәтижесінде сыни түрде қойылған сұрақтарға алынған жауаптар студенттің жоғары деңгейде ойлануына және белгілі бір нәтижеге жетуіне ықпал етеді.

**«Сынау» сөзі** қазақ тілінде мінін табу, кемшілігін анықтап айқындап беру деген мағынада қолданылады. Яғни жағымсыз мәнде қалыптасқан, бірақ қазіргі академиялық бағытта бұл сөз пікір айту, талдау, жан-жақты қарастыру сияқты мағынада кең таралған. Сонымен, «сынау» дегеніміз кемшілігін анықтау деген ұғымнан біршама кең мағынада қарастырылады. Ол академиялық бағытта қандай да бір мәліметті тауып, оның нақты екенін дәлелдеп, осы дәлел жөніндегі өзге пікірлерді анықтап, олармен келісетінін немесе келіспейтінін, дұрыс немесе бұрыс екенін түсіндіру, талдау мен синтез жасай отырып қорытындыға келу мәнінде қолданылады.

**Сыни тұрғыда жазу** дегеніміз - жоғарыда аталған сыни пікірдің берілу талаптарын сақтай отырып, автордың өз ойын, тұжырымын түсінікті етіп жеткізуі және ондағы дәлелдерді анық, жүйелі құрылыммен жаза білуі. Сыни тұрғыда эссе, ғылыми мақала және тағы басқа академиялық жазба жұмыстарын жазуға болады. Көптеген студенттер сыни жазу қиын деп санайды, себебі бұл көп еңбекті, уақытты, білімділікті және шығармашылық қабілетті талап етеді.

**Сыни ойлау** қашанда оқылатын немесе жазылатын тақырып жөнінде терең ойлануға жетелейді. Көп жағдайда студенттер өзіне берілген материалдарды үстірт оқуға дағдыланған, бұл олардың өзіне қажетті мәліметті білдім немесе оқыдым деген ойын ғана қанағаттандырғанымен, ақпаратты толық түсінуге, жан-жақты талдауға жеткілікті болмайды.

Ғылыми мәтінді сыни тұрғыда оқу тек қана оның мазмұнын түсіну үшін ғана емес, мәтіндегі ақпараттың қаншалықты құнды екенін бағалау мен оны өз еңбегінде дұрыс қолдана білу үшін қажет. Ақпараттарды қашанда жан-жақты сауалдар қою арқылы тексеру - сыни тұрғыда ойлаудың негізгі талабы. Сыни тұрғыда ойлаудың мынадай ерекшеліктері бар:

- **Нақтылық:** үнемі дәлелдер келтіру.

- **Сенімсіздік:** күмәнмен қарау: не себепті бұл мәселені қозғады? Жұмыстың авторы осы арқылы нені түсіндірмекші? Бұған берілген дәлелдері қайда? Мұндай мәліметті қайдан алуға болады?

- **Қолдану:** бұл жайт өмірде қалай орын алуы мүмкін? Іс жүзінде мұндай тұжырым іске аса ма?

**Сыни тұрғыда ойлаудың басты мақсаты** - талдау жасауға жетелеу. Негізінен көп студенттер сипаттамалық бағытты ұстанады. Академиялық жазылым барысында сипаттаумен шектелмей, тақырыпты сыни тұрғыда талдау студенттің жоғары баға алуына септігін тигізетіні анық.

Сипаттамалық жазылым мен сыни жазылымның мынадай негізгі ерекшеліктері бар:

**Сипаттамалық жазылым:**

- қандай жұмыс жасалғанын баяндайды;
- дәйексөздерді көп қолдануға тырысады;
- әдебиеттерден қысқаша қорытындылар береді;
- әдебиеттер мен теорияларға шолу жасап, тізіп шығады;
- мәліметтер беріледі;
- идеяларға, тарихи оқиғаларға шолу жасайды;
- маңызды тұлғалардың өмірін баяндайды;

- тақырып бойынша белгілі жайттарға қорытынды жасайды.

*Сыни жазылым:*

- айтылған пікірлерді анық әрі нақты тұжырымдар арқылы жоққа шығарады;
- қолдаушы және қарсы пікірлерді тең дәрежеде береді;
- дәлелденбеген пікірлерді қолданбайды;
- идеяны дамыту мен түсіндіру үшін параграфтар қолданады;
- үнемі нақты дәлелдер мен тұжырымдар береді;
- тұжырымдарға үнемі дәлелдер келтіреді;
- үнемі қорытындыға келудің себебі түсіндіріледі;
- үнемі жұмыстың шектеулілігін көрсетеді;
- қарапайым қорытынды жасамайды.

Жеке адамның қалыптасуы жөніндегі теориялардың ішінде Л.С.Выготскийдің концепциясы тұлғаның дамуы адамзаттың даму тарихында қалыптасқан сөздерді әлеуметтік қарым-қатынас барысында қолдануымен тікелей байланысты болатынын және бұл шартты белгілер оның психикалық қызметінің негізі екенін растайды.

*Теорияны түсіндіру.*

Л.С.Выготскийдің концепциясы әлеуметтік салада, әсіресе әртүрлі сұраныстарды қажет ететін тұтынушылармен қызмет жасайтын қызметкерлердің сыртқы келбетін емес, олардың қарым-қатынас барысындағы сөздерді қолдануы мен психикалық мінез-құлқын анықтауға мүмкіндік береді.

*Байланысын көрсету.*

Үміткерлерді іріктеу барысында олардың құзыреттілігі мен іс жүзіндегі шешім қабылдау қабілеттерін анықтау мақсатында маңыздылығына қарай мәселелерді ретімен қою бойынша қосымша жаттығулар берілді.

*Қолданылған әдіс түрін көрсету.*

Үміткерлерді іріктеу барысында маңыздылығына қарай мәселелерді ретімен қою бойынша қосымша жаттығулар берілді. Бұл олардың іс жүзінде тұтынушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы құзыреттіліктері мен шешім қабылдау деңгейлерінің қаншалықты жоғары талапқа сай екендігін тексеруге мүмкіндік береді.

*Қолданылған әдістің тиімділігін көрсету.*

Қазақстанда 1991 жылдан бастап мақта өндірісі күрт төмендеп, 1998 жылы ең төменгі көрсеткішті көрсетеді және осы жылдан бастап бұл өндіріс түрі қайта қарқын ала бастайды. Дегенмен мемлекеттегі мақта өндірісі 1990 жылғы көрсеткіштен айтарлықтай төмен.

*Жағдаятты сипаттау.*

Қазақстандағы 1991 жылдан 1998 жыл аралығындағы мақта өндірісінің күрт құлдырау себебі елдегі жалпы экономиканың төмендеуіне тікелей байланысты. Бірақ өндірістің бұл түріне мемлекет тарапынан көңіл бөлу өндірістің қайта өркендеуіне жол аша бастады.

*Маңыздылығын анықтау.*

Сондай-ақ сыни ойлау барысында оқып отырған мәтінмен қатар оның авторына да аса мән беру қажет. Ол үшін мынадай сұрақтарға жауап беру қажет:

Мәлімет нақты ма? Оны қалай білдіңіз?

Мәтінді кім жазған? Автор осы саланың маманы ма?

Автор қандай да бір тұжырымға сендіргісі келе ме?

- Ондағы аргумент ауқымды немесе шағын мәселеге бағытталған ба?

- Аргументті дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтірілген?

- Аргументте не берілмеген?

- Бұған қарсы қандай пікірлер болуы мүмкін?

- Автордың ұстанымымен келісесіз бе, келіспейсіз бе?

- Бұл туралы пікіріңіз қандай?

- Бұл тақырып бойынша басқа авторлар не айтқан?

- Мәтіннің жаңалығы бар ма?

- Бұл материал сіздің жұмысыңызға қажет пе?

Бұл сұрақтарды қоя отырып оқылым әрекетін жүзеге асыратын студенттің жоғары дәрежедегі талдау қабілетімен қатар, сыни көзқарасы қалыптасады. Мұндай күзиреттілік - академиялық жазылымда қолданылатын талаптардың бірі. Академиялық жазылым пікірталас, талқылау, талдау, тақырыпқа қатысты көзқарасты бағалау, автордың өз пікірін білдіру негізінде жазылады. Осылардың ішінде сыни жазылым үшін талдау, бағалау және пікірін білдіру өте маңызды рөл атқарады.

Талдау барысында ақпараттар себебі мен салдары, мысалдары мен дәлелдері, қарсы қойылуы мен салыстырылуы, фактілері мен пікірлерді ажыратуы, негіздерді дәлелдеуі бойынша жеке-жеке бөлшектенеді. «Олар бір-бірімен қалай байланысады? Өзара байланысын қалай байқауға болады? Оны қалай дәлелдей аласыз?» деген сұрақтарға жауап беру талдаудың негізгі мақсаттарының бірі болып саналады. Талдаудың түрлі элементтері қолданылған жазылым үлгілерін төменде берілген үзінділерден көруге болады:

*Қарсы қоюға арналған мысал:*

Университетте жүргізілген зерттеуде ауыл мектебін бітірген студенттердің, қала мектебінде оқыған студенттерге қарағанда, ағылшын тілі емтиханынан төмен балл алатындығы белгілі болды. Сондай-ақ ауылдан келген студенттердің, қала мектептерінен келген топтастарына қарағанда, компьютерді меңгеру деңгейлері де төменірек болып шықты.

*Артықшылығы мен кемшілігін көрсетуге арналған мысал:*

Интернетті ақпарат көзі ретінде қолданудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Ол көл-көсір ақпаратқа өте оңай әрі жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Интернетті қолдану арқылы оқушылар дайын мақалаларды көшіріп алуы мүмкін. Соның салдарынан олар берілген тапсырма туралы ойланбайды және білімдерін жетілдіре алмай қалады. Бірақ интернет оқушылар үшін өз қолдарындағы оқулықпен немесе мұғалімнің айтқандарымен ғана шектеліп қалмай, қосымша ізденіп, өз бетінше білімдерін толықтыруына жол ашады. Қазіргі таңда интернеттегі материалдарды ұрлап, плагиат жасайтын оқушылардан гөрі, ондағы ақпараттарды өз игілігіне дұрыс пайдаланып, жетістікке жетіп жатқандар өте көп. Сол себепті интернеттің тиімділігі әлдеқайда басым.

Бағалау барысында ақпараттардың, қолданылған дәлелдердің, айтылған пікірлердің қаншалықты құнды екендігіне мән беріледі. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің шынайылығы, маңыздылығы, пікірлердің құндылығы таразыланады. «Осы әрекетпен немесе нәтижемен келісесіз бе? Ол қаншалықты маңызды?» деген сұрақтарға жауап беріледі.

Автор өзі оқыған және білген идея жөнінде өз көзқарасын жазуы тиіс, яғни бағалауы қажет. Ол өзге пікірді қолдайтынын немесе қолдамайтынын түсіндіріп кетеді. Мысалы:

Жұмыссыздық мәселесі жеке адамға ғана емес, оның айналасындағы адамдарға, яғни туыстарына да тікелей кері әсерін тигізеді. Дегенмен жұмыссыздық салдарынан туындаған қиындықтар адамның жеке басына қатысты жайттармен шектеліп қалмайды, ол әлеуметтік және саяси мәселе болып саналады, сондықтан оны кейбір саясаттанушылар әлеуметтік мәселелер қатарына жатқызады.

*Пікір білдіру* - сыни жазылымның негізгі талаптарының бірі. Автор өз пікірін қарапайым түрде білдірмейді, ол қашанда нақты бір фактіге сүйенеді және өзгелердің көзқарас пікірлеріне дәлелдерін келтіреді. «Бұл жөніндегі жеке пікірім қандай? Қандай шешімге келуге болады?» деген сұрақтарға жауап береді. Көп жағдайда автор пікірі дау тудырып, оқырман онымен келіспеуі мүмкін. Сол үшін академиялық жазылым дәлелдермен жазылады. Мысалы: Ұйқы мен ми жұмысының арасында үлкен байланыс бар екені анық. Ұйқының қанбауы мидың қалыпты жұмыс жасауына кері әсерін тигізеді. 1950 жылдардың басында көптеген ғалым ұйқы және ми жұмысының арасындағы байланысты

анықтау үшін біршама зерттеулер жүргізіп, аз ұйықтаған адамдар мен қажетті мөлшерде ұйықтаған адамдардың ми жұмысының айырмашылықтарын анықтаған. Нәтижесінде ұйқысы қанық адамдардың миының жұмыс жасау көрсеткіші бірнеше есе жоғары болған.

Сонымен қатар сыни жазылымда тақырыпқа қатысты идея түнікті беріледі, автор жағдаяттың не үшін болғанына тоқталып, түсінік береді. Мәселен, Алматы қаласының ауасы ластануда. Бұл мәселенің төркіні - қаладағы көліктер санының артуы. Алынған жағдаяттың болуын мынадай параграф арқылы түсіндіріп айтуға болады:

Алматы ауасының ластануына әсер етуші бірнеше фактор, оның ішінде көліктер санының артуын бөле-жара айтуға болады. Көліктердің көбеюі жолдарда үлкен кептелістер тудырады және олардан бөлініп шығатын улы заттардың ауаға таралуы еселене береді. Соның салдарынан ауаның ластану мөлшері қалыпты жағдайдан әлдеқайда асып кетеді.

*Қорытындылай келе*, сыни жазылым мен оқылым білім алушының жоғары деңгейде ойлануына және өзіне қажетті білімді игеруіне ықпалын тигізеді. Жазылым мен оқылым барысындағы пікірді дәлелдеу, көзқарасын анықтау, бағалау, талдау - бәрі күрделі болғанымен, оларды білудің маңызы зор.

**Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Сыни ойлау дегеніміз не?
2. Материалдарды оқу кезінде сыни ойлау не үшін қажет?
3. Академиялық жазылым дегеніміз не?
4. Сыни жазылым мен сипаттамалық жазылымның қандай айырмашылықтары бар?
5. Оқылатын еңбектің авторына не үшін мән беру керек?
6. Сыни тұрғыда ойлаудың қандай ерекшеліктері бар?
7. Терең түсініп оқу мен үстірт оқудың қандай айырмашылықтары бар?
8. Академиялық жазылым барысындағы талдау, бағалау және пікірін білдіру дегендерді қалай түсінесіз?

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

**Әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
2. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтұрсынова, 2019. - 106 с.
3. Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательскийотдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
4. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
5. Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.:Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
6. Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.:КазАСТ, 2021. -164 с.
7. Айешова Г.А. Основы научно-исследовательской работы: учебное пособие, 2019.

**Қосымша:**

1. Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч.пос. / А.Г.Петрякова.–М.:Флинта,2016.-488 с.
2. Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и перспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.

- 3.Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италоязычных школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
- 4.Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Research. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.
- 5.Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме: учебное пособие. А.: КазАСТ, 2016. -60 с.
- 6.Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/коллективная монография. М.: РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
- 7.Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычной авторской аннотации к научной статье // Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
- 8.Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
- 9.Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.
- 10.Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.: КНОРУС, 2019. -276 с.
- 11.Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. –Саратов: МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. -228 с.

*WEB Сайттар тізімі:*

1. Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
2. Международный выставочный портал.- <http://www.exoclub.ru>